


Қарағанды облысы білім басқармасының  
Нұра ауданы білім бөлімінің «Ыбырай  
Алтынсарин атындағы тірек мектебі  
(ресурстық орталық)» КММ  
100900, Жәніс 9  
Тел: 8 (72144) 22511  
Факс: 8 (72144) 21072



Коммунальное государственное учреждение  
«Опорная школа (ресурсный центр)  
имени Ыбырая Алтынсарина» отдела  
образования Нуринаского района управления  
образования Карагандинской области»

БҰЙРЫҚ

Нұра кенті

ПРИКАЗ

Поселок Нура

2023 жыл 01 қыркүйек №102

### Нұра ауданының Жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 17.02.2022 жылғы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 411 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұра ауданы жалпы орта білім беру ұйымдарына:

1) 2023 жылғы 4 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Нұра ауданы жалпы орта білім беру ұйымдарына:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары *(бұдан әрі мәтін бойынша-Қағидалар)* шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

2) Білім алушылардың жасына ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, 2023 жылдың 16 тамызында бекітілген перспективті мәзір 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11-сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдаланылсын.

3) 2023-2024 оқу жылына халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1-11-сыныптардың білім алушылары үшін тегін ыстық тамақтану бойынша мемлекеттік қызметті алушылардан түскен өтініштеріне сәйкес тамақтандыру ұйымдастырылсын.

